

**Қамқоршылық кеңес отырысының  
хаттамасы № 6**

13.11.2024 ж.

Атырау облысы Қызылқоға ауданы  
Жасқайрат ауылы, Т.Қайырбаев №2

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің  
« Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қатысуға тиіс: 9

Қатысқандар: 7

**Күн тәртібінде:**

Аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 11 қарашадағы № 1165 санды хатына сәйкес, аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына баратын оқушыларды анықтау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Кеңес төрағасы А. Жұмағалиев: Аудандық білім бөлімінің келген қатынас қағаз бойынша аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына баратын оқушыларды анықтау керек екендігін және бұған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі балаларды жіберуді ескеру керектігін айтып өтті.

**Сөйлеушілер:**

Г.Құлбаева - қамқоршылық кеңес мүшесі: Аудан әкімінің жаңа жылдық мерекесіне жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалып отырған 9 сынып оқушысы Қожаберген Амангул Мұхамбетқалиқызы ұсынамыз. Бала ортамен араласып, көңіл күйі бір көтеріліп қалары сөзсіз.


С.Инаева - қамқоршылық кеңес мүшесі: Мен Құспанов Асқардың қызы 8 сынып оқитын қызы Тасболат Гүлсімайды, Жанұзақов Елеудің ұлы 6 сынып оқушысы Жалғас Исмайлды ұсынамын. Бұл балалар мүмкіндігі шектеулі, көп балалы отбасының балалары.

П.Алтынғалиев – қамқоршылық кеңес мүшесі: Аудан әкімінің шыршасына күн көрісі төмен, аз қамтылған отбасы балаларынан Қарасартов Ерланның қызы, 7 сынып оқушысы Ерланқызы Бақытнұрды, Қарасаев Қуандықтың ұлы, 3 сынып оқушысы Қуандықұлы Ахмадты, Иргалиев Тұрсынның ұлы 9 сынып оқушысы Хайролла Наурызбекті ұсынамыз. Бұл балалар аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына барса, шыршаның қызықтарын тамашалап, қуанып келері анық, бір ауыздан қарсылығымыз жоқ.

**Қаулы:**

1. Аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 11 қарашадағы № 1165 санды хатына сәйкес, аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалып отырған 9 сынып оқушысы Қожаберген Амангулді, мүмкіндігі шектеулі оқушылардан 8 сынып оқушысы Тасболат Гүлсімай мен 6 сынып оқушысы Жалғас Исмайлді, аз қамтылған отбасы балаларынан 7 сынып оқушысы Ерланқызы Бақытнұр, 3 сынып оқушысы Қуандықұлы Ахмад, 9 сынып оқушысы Хайролла Наурызбек жіберілісін.

2. Осы балаларды дайындап, аудан әкімінің шыршасына қатысуын ұйымдастыру әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.

Комиссия төрағасы: А.Жұмағалиев  Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Комиссия мүшелері:

Алтынгаалиев Парасат 


Қайырымдылық жасаушылар  
өкілі, қамқоршылық кеңесінің  
мүшесі.

Жаңабаев Құрманбек 

Қайырымдылық жасаушылар  
өкілі, қамқоршылық кеңесінің  
мүшесі.

Құлбаева Гүлжамал 


Ойыл ауылдық аппаратының  
шаруашылық меңгерушісі,  
қамқоршылық кеңесінің мүшесі  
Ата- ана, қамқоршылық кеңесінің  
Мүшесі

Жұмашева Орынгүл 

«Шалқыма» мәдениет үйінің  
директорының міндетін атқарушы,  
қамқоршылық кеңес мүшесі

Инева Сәуле 

Құқық қорғау өкілі, қамқоршылық  
кеңес мүшесі

Қабиев Нұрбек 

Кеңес хатшысы

А.Амантайқызы 